17) тармақшадағы "көшіп келушілерге" деген сөздер "шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) және 28) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"18) уақытша орналастыру орталығы – этникалық қазақтар мен қоныс аударушылардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің уақытша тұруына арналған тұрғынжай;"

"28) этникалық қазақ – ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.";

3) 8-баптың 2) және 5-1) тармақшалары алып тасталсын;

4) 9-бап мынадай мазмұндағы 7-1) және 11-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді;"

"11-1) Қазақстан Республикасының аумағында жүрген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататындығына дәлелдемелері жоқ адамдардың құқықтық мәртебесін анықтау жөнінде шешім қабылдайды;"

5) 11-бапта:

4) және 4-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілейді және оны облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында бөледі;"

"4-2) оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың алдағы жылға өңірлік квотасын белгілейді және оны облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында бөледі;"

4-4), 5) және 5-2) тармақшалар алып тасталсын;

6) 14-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасындағы "көшіп келушілердің Қазақстан Республикасында" деген сөздер "шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "көшіп келушілердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына рұқсат беруді; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың" деген сөздер "шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың – Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына рұқсат беруді," деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 15-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың алдағы жылға өңірлік квоталарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;"

6-5) тармақша алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде, өз аумағы және (немесе) басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде не квотадан тыс корпоративішілік ауыстыру шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды береді немесе ұзартады, сондай-ақ көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұрады және кері қайтарып алады;"

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) шетелдік жұмыскерлерге өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтама береді;"

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) отбасын біріктіру мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде тұратын этникалық қазақтардың арасынан туыстарын Қазақстан Республикасына қоныстану үшін шақыруларын қабылдайды және бұл шақыруларды халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жібереді;"

8) 19-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-1-бап. Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасы

Оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасын халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстары және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныстанғысы келетін этникалық қазақтар мен оралмандардан Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы келіп түскен өтініштер негізінде алдағы жылға белгілейді.";

9) 20-баптың 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Этникалық қазақтар тұратын жеріне келгеннен кейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне өтініш береді.";

10) 21-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "оралман мәртебесін алғаннан кейін" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті атқарушы орган өтініш берілген күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін береді немесе ұзартады, оралман куәлігін береді не оралман мәртебесін беруден немесе ұзартудан уәжді түрде бас тартады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Этникалық қазақтың жеке сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда жергілікті атқарушы орган өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін береді немесе ұзартады, оралман куәлігін береді не оралман мәртебесін беруден немесе ұзартудан уәжді түрде бас тартады.";

үшінші бөліктегі "мәртебесі тоқтатылған күннен бастап алты ай ішінде оны" деген сөздер "мәртебесін" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "үш" деген сөз "алты" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 21-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оралман оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгеннен кейін келген, оралманның отбасы мүшелері, сондай-ақ ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейін Қазақстан Республикасында туылған балалар күнтізбелік бір жыл ішінде оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізіледі.";

12) 25-баптың 2) тармақшасындағы "рұқсаттың" деген сөз "рұқсатты беруден бас тартылған не оның" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 26-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "орындауға;" деген сөз "орындауға міндетті." деген сөздермен ауыстырылып, 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

14) 27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шақырушы адамдардың отбасын біріктіру мақсатында шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар болып табылатын өз отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасына келуі туралы өтінішхат беруге құқығы бар.";

15) 29-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Заңның 27-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында санамаланған адамдар шақырушы адамдары болып табылатын отбасы мүшелері жергілікті атқарушы орган шетелдік жұмыскерге беретін өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтама, сондай-ақ жұмыс берушіге халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға беретін рұқсат негізінде еңбек қызметін жүзеге асыратын жағдайларда, еңбек қызметін жүзеге асыруға құқығы бар.";

16) 34-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) маусымдық шетелдік жұмыскерлер – халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша бекітетін кәсіптер тізбесіне сәйкес, климат немесе өзге де табиғат жағдайларына байланысты белгілі бір кезең (маусым) ішінде атқарылатын маусымдық жұмыстарды орындау үшін жұмыс берушілер бір жылдан аспайтын мерзімге жұмысқа тартатын көшіп келушілер;"

17) 37-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін тартуы халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін квота шегінде жергілікті атқарушы органдар беретін рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

Өз аумағы және (немесе) басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде жергілікті атқарушы орган беретін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың берілгені немесе ұзартылғаны үшін жұмыс берушілерден Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым алынады.

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу және оны облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында бөлу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "және (немесе)" деген сөздер "немесе" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Шетелдік жұмыскерлер экономиканың басым салаларында (экономикалық қызмет түрлерінде) сұранысқа ие кәсіптер бойынша өз бетінше жұмысқа орналасу үшін және еңбек шартының қолданылу мерзіміне, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге ұзарту құқығымен үш айдан аспайтын мерзімге жергілікті атқарушы орган берген біліктілік сәйкестігі туралы анықтаманы алған жағдайда, келе алады.";

18) 42-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Маусымдық шетелдік жұмыскерлер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес немесе жұмыс берушілерге жергілікті атқарушы органдар квота шегінде беретін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар негізінде халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын шарттарда және тәртіппен экономиканың жекелеген салаларына жұмысқа тартылады.";

19) 8-тараудың тақырыбындағы "көшіп келушінің" деген сөздер "шетелдікке және азаматтығы жоқ адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 48-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұрын Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілген көшіп келушілерге соттың шығарып жіберу туралы шешімі орындалған күннен бастап бес жыл бойы Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады.";

21) 49-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты беруден бас тарту не оның күшін жою үшін негіздер";

бірінші бөліктің 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) егер бұрын "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген негіздер

бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты беруден бас тартылады не бұрын берілген рұқсаттың күші жойылады.";

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға ұлттық қауіпсіздік органдарының оң келісімінсіз рұқсат беруге тыйым салынады.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелеріне, жеке басын куәландыратын құжаттарының болмауына байланысты не 1974 жылғы үлгідегі КСРО төлқұжаты негізінде азаматтығы жоқ деп танылған адамдарға, "Қазақстан Республикасының Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданылатын әйелдерге қатысты осы баптың бірінші бөлігінің 13 және 14-1) тармақшаларының күші қолданылмайды.";

22) 51-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын :

"2-2) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы шеңберінде қоныс аударған жағдайда, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерге уақытша орналастыру орталықтарына бастапқы орналасуға;"

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы шеңберінде қоныс аударған жағдайда, уақытша орналастыру орталығына жолдама алған кезде күнтізбелік үш күн ішінде оған орналасуға және халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген болу кезеңі аяқталғаннан кейін ұсынылған үй-жайды босатуға;"

23) 52 және 53-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын белгілеу

1. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстары негізінде белгілейді.

2. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қоныс аударушының халықты жұмыспен қамту орталықтарына берген өтініші негізінде, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

53-бап. Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген Қазақстан Республикасының азаматтарына әлеуметтік көмек

Қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген Қазақстан Республикасының азаматтарына халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі.";

24) 56-бапта:

бірінші бөлікте:

7) тармақшадағы "үкімі заңды күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жеріне кетуге рұқсат беруден уақытша бас тартылады." деген сөздер "шешімі заңды күшіне енгенге дейін;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) салықтық берешегі болса – оны толық өтегенге дейін;

9) атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болып табылса, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жеріне кетуден уақытша бас тартылады.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер:

сот бекіткен, өндіріп алушымен жасалған бітімгершілік келісімді;

өндіріп алушымен дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді;

өндіріп алудың немесе атқарушылық құжаттың өзге де талабының орындалғанын растайтын құжаттарды;

атқарушылық құжат беруге негіз болған, тиісті орган шешімінің күші жойылғанын растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, осы баптың бірінші бөлігі 9) тармақшасының талабы қолданылмайды.";

25) 60-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шығарып жіберу немесе реадмиссия бойынша шығыстарды шығарып жіберілетін немесе реадмиссияланатын заңсыз көшіп келушілер, заңсыз көшіп келушіні Қазақстан Республикасына шақырған не көшіп келушінің Қазақстан Республикасында заңсыз болу фактісі анықталған кезде оның еңбегін пайдаланған жеке немесе заңды тұлғалар көтереді. Аталған тұлғалардың шығарып жіберу немесе реадмиссия бойынша шығыстарды жабуға қаражаты болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда тиісті іс-шараларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі, бұл ретте шығарып жіберуге немесе реадмиссияға жұмсалған қаражат мүдделі мемлекеттік органдардың жоғарыда аталған тұлғаларға талап қоюлары бойынша сот тәртібімен өтелуге жатады.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Шет мемлекеттен Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шартқа сәйкес қабылданған, бірақ Қазақстан Республикасына

келуге және онда болуға заңды негіздері жоқ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасы мен осындай адам азаматы болып табылатын не тұрақты (көбіне) тұратын мемлекет арасында Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарт болмаса, шығарып жіберілуге жатады."

23. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 2, 9-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 21, 122, 123-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 71-құжат; № 24, 131-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 11, 29-құжат; № 16, 56-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат ; № 8, 45-құжат):

1) 40-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың шекаралық аймаққа кіруі жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша жүзеге асырылады.";

2) 41-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шекаралық аймақтағы адамдар жеке басын куәландыратын құжаттарын үнемі өздерімен бірге алып жүруге тиіс.";

3) 59-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шекаралық аймақта тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына , шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекаралық аймақ тұрғынының куәлігін беру тәртібін айқындайды, оларды беруді жүзеге асырады;"

24. "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 2, 12-құжат; 2014 ж., № 16, 90-құжат; 2016 ж., № 24, 131-құжат; 2017 ж., № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2019 ж., № 21-22, 90-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) жол жүру құжаты – шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету үшін берілетін құжат;"

2) 6-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 11) тармақшасындағы "куәлік жеке басты куәландыратын құжаттар болып табылады." деген сөздер "куәлік;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) жол жүру құжаты жеке басты куәландыратын құжаттар болып табылады.";

3) 7-бапта:

2-тармақтағы "және 11)" деген сөздер ", 11) және 12)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың үшінші бөлігі "Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі" деген сөздерден кейін ", жол жүру құжаты" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 17-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасына келу үшін құжаттары жарамсыз не Қазақстан Республикасына келуге арналған құжаттарын жоғалтқан азаматтығы жоқ адамдарға – олар Қазақстан Республикасына шығарып жіберілген, Қазақстан Республикасына ұстап берілген не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасына берілген жағдайларда беріледі.";

5) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Жол жүру құжаты

1. Жол жүру құжаты:

1) босқын мәртебесі берілген адамға Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде жүріп-тұру үшін;

2) реадмиссияға немесе Қазақстан Республикасының аумағынан шығарып жіберуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында болу кезеңінде шетелдік паспортын жоғалтқан немесе шетелдік паспортының қолданылу мерзімі өткен жағдайда Қазақстан Республикасынан кету үшін беріледі.

2. Жол жүру құжаты бір жылға қолданылу мерзімімен беріледі, бұл ретте босқындар үшін жол жүру құжатының қолданылу мерзімі босқын куәлігінің қолданылу мерзімінен аспауға тиіс.";

б) 19-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) босқын куәлігі.";

7) 26-баптың 1) тармақшасының алтыншы абзацындағы "куәлігінің үлгілерін, оларды ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін әзірлейді" деген сөздер "куәлігінің" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"жол жүру құжатының үлгілерін, оларды ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін әзірлейді;".

25. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 8, 48-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 79-құжат; № 21-I, 125-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; 2018 ж., № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 16, 56-құжат; № 23, 91-құжат; 2019 ж., № 5-6, 27-құжат; № 8, 45-құжат; № 21-22, 90, 91-құжаттар; № 24-II, 120-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 8-4) тармақшамен толықтырылсын:

"8-4) Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді;"

2) 11-бапта:

25) тармақшаның отыз бірінші абзацындағы "үлгілерін әзірлейді және бекітеді;" деген сөздер "үлгілерін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы отыз екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында жүрген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататындығына дәлелдемелері жоқ адамдардың құқықтық мәртебесін анықтау жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшамен толықтырылсын:

"26-1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;"

26. "Қайырымдылық туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-I, 139-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат):

бүкіл мәтін бойынша "оралмандар" деген сөз "қандастар" деген сөзбен ауыстырылсын.

27. "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-I, 142-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 13, 45-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 22, 83-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 23, 106-құжат):

бүкіл мәтін бойынша "оралмандар", "оралмандардың" және "оралмандарды" деген сөздер тиісінше "қандастар", "қандастардың" және "қандастарды" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-I, 48-құжат; 2017 ж., № 13, 45-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 15, 50-құжат; № 22, 83-құжат; 2019 ж., № 7, 39-құжат; № 15-16, 67-құжат; № 23, 106-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "оралман", "оралмандардың", "оралмандарды", "оралмандарға" және "оралмандар" деген сөздер тиісінше "қандас", "қандастардың", "қандастарды", "қандастарға" және "қандастар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу және оны облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында бөлу қағидаларын бекітеді;"

3) 7-бапта:

20) тармақшадағы "және (немесе)" деген сөздер "немесе" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

"21-1) мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша маусымдық шетелдік жұмыскерлердің еңбек қызметін жүзеге асыруы үшін кәсіптердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;"

22) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"22) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу және оны облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында бөлу қағидаларын әзірлейді;

23) Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында бөледі;"

4) 9-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде не квотадан тыс корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс берушілерге өз аумағында және (немесе) басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктерде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды беру немесе ұзарту, сондай-ақ көрсетілген рұқсаттарды тоқтата тұру және кері қайтарып алу;"

5) 11-баптың 1-тармағында:

8) тармақшадағы "бос жұмыс орындарының (бос орындардың)" деген сөздер "бос орындардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-4) тармақшамен толықтырылсын:

"11-4) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініштерін қабылдайды;"

6) 28-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "бос жұмыс орындарының (бос лауазымдардың)" деген сөздер "бос орындардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 32-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілейді.";

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жергілікті атқарушы орган жұмыс берушіге беретін рұқсаттар бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға квотаны;"

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган шетелдік жұмыс күшін тартуға квотаны еңбек нарығындағы алдағы жылға (жылдарға) арналған сұраныс пен ұсыныс жағдайының болжамын және мемлекеттік басқарудың тиісті саласына

басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, қалыптастырады және белгілейді.";

8) 33-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жұмыс берушілер тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары берген шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар негізінде Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартады.";

2-тармақтағы "және (немесе)" деген сөздер "немесе" деген сөзбен ауыстырылсын;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жергілікті атқарушы орган берген шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат басқа жұмыс берушілерге беруге жатпайды, жұмыс берушінің рұқсат алынған шетелдік жұмыскерлерді күнтізбелік бір жыл ішінде жиынтығы күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге басқа әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында орналасқан ұйымдарға іссапарға жіберуін қоспағанда, рұқсатта көрсетілген әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында қолданылады.

4. Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және шарттарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес алымдар төлеген кезде беріледі немесе ұзартылады.

Бір және (немесе) басқа да әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты алған немесе ұзартқан кезде алым рұқсатта көрсетілген әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктің бюджетіне төленеді.

Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым төлеу бөлігінде осы тармақтың ережесі корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс істейтін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.";

5-тармақтағы "және (немесе)" деген сөздер "немесе" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 34-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар экономиканың басым салаларында (экономикалық қызмет түрлерінде) сұранысқа ие кәсіптер бойынша өз бетінше жұмысқа орналасу үшін еңбек шартының қолданылу мерзіміне, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге ұзарту құқығымен үш айдан аспайтын мерзімге жергілікті атқарушы органдар берген біліктілік сәйкестігі туралы анықтамалар негізінде Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыра алады.";

"3. Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам өз бетінше жұмысқа орналасуға біліктілік сәйкестігі туралы анықтама алу үшін Қазақстан Республикасының шет

елдердегі мекемелеріне Қазақстан Республикасында өз бетінше жұмысқа орналасу туралы өтініш береді, ол өтініште көрсетілген жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасында болған жағдайда өз бетінше жұмысқа орналасуға біліктілік сәйкестігі туралы анықтама алу үшін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам жергілікті атқарушы органға Қазақстан Республикасында өз бетінше жұмысқа орналасу туралы өтініш береді.

Қазақстан Республикасында өз бетінше жұмысқа орналасқан кезде өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтама берілген күннен бастап үш ай ішінде шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам оны еңбек шартының қолданылу мерзіміне, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге ұзарту үшін жергілікті атқарушы органға өтініш береді."

29. "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., № 16, 52-құжат; 2019 ж., № 3-4, 16-құжат; № 15-16, 67-құжат):

26-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "оралман" деген сөз "қандас" деген сөзбен ауыстырылсын.

30. "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2019 ж., № 23, 105-құжат):

бүкіл мәтін бойынша "оралмандар", "оралмандарға" және "оралман" деген сөздер тиісінше "қандастар", "қандастарға" және "қандас" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап.

1. Осы Заң, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) тиісті өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен кейін қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1 және 2-тармақтарын, 3-тармағының 3) тармақшасын, 4, 5 және 7-тармақтарын, 8-тармағының 2) тармақшасын, 9-тармағын, 10-тармағының 2) тармақшасын, 12-тармағын, 13-тармағының 1) тармақшасын, 15, 16, 17, 18, 20 және 21-тармақтарын, 22-тармағының 1) тармақшасын, 24-тармағының 1), 2), 3), 5), 6) және 7) тармақшаларын, 26 және 27-тармақтарын, 28-тармағының 1) тармақшасын, 29 және 30-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 11-тармағы 3) тармақшасы бесінші абзацының қолданысы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) тиісті өзгерістер қолданысқа енгізілген күнге дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Оралмандардың оңайлатылған (тіркеу) тәртіппен Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуға және Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдануға бір мезгілде құжаттар тапсыруға құқығы бар."

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК